

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
АКАДЕМИЯСЫ

АКАДЕМИЯ
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УПРАВЛЕНИЯ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 33а
тел.: (7172) 75-31-17, факс: 75-32-68.
e-mail: info@apa.kz

010000, г. Астана, пр. Абай, 33а
тел.: (7172) 75-31-17, факс: 75-32-68.
e-mail: info@apa.kz

12.05.2017 № 09-13/479

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан мемлекеттік
университетінің ректоры
С. Өмірбаевқа

*Х Астана экономикалық форумы аясындағы
жаһандық конференцияға шақыру*

Құрметті Серік Мәуленұлы!

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – Академия) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен, Астана қаласындағы Мемлекеттік қызмет саласындағы Өңірлік хабпен бірлесіп **2017 жылғы 16 маусымдағы Х Астана экономикалық форумы аясында «Мүмкіндіктерді басқару: көшбасшылықтың жаһандық тегеуріндері» тақырыбында жаһандық конференция өткізеді.** Іс-шара тұжырымдамасы қоса беріледі.

Өткізу уақыты және орны: 2017 жылғы 16 маусым, сағат 9.30-дан 13.00-ге дейін, Тәуелсіздік сарайы, № 3 конгресс-залы.

Жаһандық конференцияның спикерлері ретінде Ұлыбритания, АҚШ, Жапония, Ресейден ғаламдық көшбасшылық саласы бойынша танымал халықаралық сарапшылар қатысады деп көзделуде. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің дамуындағы заманауи үрдістер ықпалының артуын назарға ала отырып, Сізді, **Серік Мәуленұлы**, сонымен қатар сіздің әріптестеріңізді аталған жаһандық конференцияға қатысуға шақырамыз.

Жаһандық конференцияға тіркелу мерзімі – **2017 жылдың 25 мамырына дейін** екенін назарға алуларыңызды сұраймыз. Сіздің тарапыңыздан қызығушылық танытылған жағдайда, Академия электрондық тіркеуді жүзеге асыруға дайын.

Ұйымдастыру мәселелері бойынша байланысушы тұлға: Досанов Шалқар,
e-mail: Shalkar.Dossanov@apa.kz, тел.: (7172) 75 34 42.

Қосымша: Жаһандық конференцияның тұжырымдамасы 2 бетте.

Құрметпен,
Ректор

Ф. Жақыпова

005654

12.05.2017

К. 01-00-13/1826
15 05 17

КОНЦЕПЦИЯ ГЛОБАЛЬНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

на тему: «Управление возможностями: глобальные вызовы лидерства»

В Стратегии «Казахстан – 2050» Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым выдвинут тезис о том, что «управляемое прогнозирование» превращается в важный инструмент развития государств в нынешнее нестабильное время». Расширяются горизонты планирования, многие страны уже пытаются заглянуть за пределы 2030-2050 годов.

Всемирный экономический форум в докладе о рисках в 2017 году выделил около 30 глобальных вызовов. Среди них: экономические (неравенство, социальная поляризация, структурная безработица и неполная занятость), экологические (изменение климата, водные кризисы), технологические (кибератаки) и геополитические (неэффективное госуправление, межгосударственные конфликты).

Поступательное развитие невозможно не только без адекватного реагирования на глобальные тенденции и вызовы, но также без дизайна опережающей модели лидерства. Основу подобной модели должен определять не только и не столько прогресс в управлении и технологиях, но и управление будущими возможностями.

Все чаще мир становится свидетелем глобальных катаклизмов и диспропорций как результата принимаемых мега управленческих решений. В связи с чем на передний план выходит вопрос создания модели ответственного лидерства с фокусом на инклюзивное развитие обществ. Концентрация ответственности определяется в следующих измерениях:

- формирование лидеров, способных взять на себя ответственность и использовать новые возможности глобального развития;
- ответственное использование власти для определения и достижения этических целей для всех;
- генерирование и культивирование новых ценностей.

Цель конференции – поиск модели ответственного лидерства, способного обеспечить устойчивое развитие человечества.

Организаторами конференции являются Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Региональный хаб в сфере государственной службы в г.Астана.

Участники конференции: представители центральных государственных органов, международных, неправительственных организаций, академий, университетов и институтов, занимающихся подготовкой государственных служащих, зарубежные партнеры стран Европейского Союза и ЕАЭС, представители Азиатского банка развития, Организации экономического сотрудничества и развития, стран-членов Регионального хаба в сфере государственной службы, а также казахстанские практики и ученые.

Ожидаемые результаты:

1. Выработка новой парадигмы мышления по управлению возможностями.
2. Определение прорывных подходов развития лидерства, совершенствующих способность к созидающему сотрудничеству.
3. Выработка ценных предложений по внедрению системы управления возможностями во все сферы управления.

Формат проведения – арена, когда участники дискуссии помещены в центр зала.

**«Мүмкіндіктерді басқару: көшбасшылықтың жаһандық
тегеуріндері» тақырыбына
ЖАҒАНДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «басқарылатын болжамдаудың» қазіргі тұрақсыз уақытта мемлекеттер дамуының маңызды құралына айналып отырғаны жөнінде тезис ұсынды. Жоспарлау көкжиегі кеңейде, көптеген елдер 2030–2050 жылдардан өріге көз жүгіртуге тырысуда.

Бүкіләлемдік экономикалық форум 2017 жылы қатерлер туралы баяндамасында 30-ға жуық ғаламдық тегеуріндерді бөліп көрсетті. Олардың арасында: экономикалық (теңсіздік, өлеуметтік поляризация, құрылымдық жұмыссыздық пен толық жұмыспен қамтылмау), экологиялық (климаттың өзгеруі, су дағдарыстары), технологиялық (кибератака) және геосаяси (тиімсіз мемлекеттік басқару, мемлекетаралық қақтығыстар).

Ілгерілемелі даму ғаламдық үрдістер мен тегеуріндерге барабар ден қоюмен қатар, көшбасшылықтың озық үлгілерінің дизайны болмайынша мүмкін емес. Басқару мен технологияларда ілгерілеушілікпен қатар, болашақ мүмкіндіктерді басқару осындай үлгінің негізін айқындауы тиіс.

Барған сайын өлем қабылданатын үлкен басқарушылық шешімдердің нәтижесі ретінде ғаламдық катаклизмдер мен тепе-теңсіздігінің куәгеріне айналуда. Осыған байланысты қоғамдардың инклюзивтік дамуына бағдарлана отырып, жауапты көшбасшылықтың үлгісін құру мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Жауапкершіліктің шоғырлануы мынадай өлшемдермен айқындалады:

- өзіне жауапкершілік алуға қабілетті көшбасшыларды қалыптастыру және ғаламдық дамудың жаңа мүмкіндіктерін пайдалану;
- баршасы үшін этикалық мақсаттарды айқындау мен қол жеткізу үшін билікті жауапты пайдалану;
- жаңа құндылықтарды жасау мен дамыту.

Конференцияның мақсаты – адамзаттың орнықты дамуына қамтамасыз етуге қабілетті, жауапты көшбасшылық үлгісін әзірлеу.

Конференция ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астанадағы Мемлекеттік қызмет саласындағы Өңірлік хаб болып табылады.

Конференция қатысушылары: орталық мемлекеттік органдардың, халықаралық және өртүрлі үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілерді даярлаумен айналысатын академиялар, университеттер мен институттардың өкілдері, Еуропалық Одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің шетелдік әріптестері, Азия даму банкінің, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының, Өңірлік хабқа мүше елдердің өкілдері, сондай-ақ қазақстандық практиктер мен ғалымдар.

Күтілетін нәтижелер:

1. Мүмкіндіктерді басқару бойынша жаңаша ойлау парадигмасын өзірлеу.

2. Жасампаздық ынтымақтастыққа қабілеттілікті жетілдіретін көшбасшылық дамудың серпінді тәсілдерін айқындау.

3. Мүмкіндіктерді басқару жүйесін басқарудың барлық салаларына енгізу бойынша құнды ұсыныстарды өзірлеу.

Өткізу форматы – арена, онда пікірталасқа қатысушылар залдың ортасында орналасады.